

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек ұсыну жөніндегі шарт

Теміртау қаласы.

№ _____ 20 ж. « _____ » _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), туған күні, жеке басын куәландыратын құжат (жеке бас куәлігі, паспорт) берілген күні, кім берді)мына мекенжай бойынша тұрып жатқан: _____, одан әрі «Пациент» деп аталып бір тараптан және «Теміртау қаласының №1 емханасы» КМК, медициналық қызметті жүзеге асыру құқығына берілген лицензиясы № _____ атынан директоры Есімсейіт Г. Д., Жарғының (Ереженің) негізінде қызмет ететін, одан әрі «Денсаулық сақтау субъектісі» деп аталып екінші тараптан, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «Пациент пен медициналық ұйым арасында жасалатын, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек ұсыну жөніндегі үлгілік шартты бекіту туралы» 2015 жылғы 29 мамырдағы № 418 бұйрығы негізінде осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

1. Шарттың мәні

1. Денсаулық сақтау субъектісі тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі - ТМККК) шеңберінде:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Пациентке медициналық көмек (дәрігерге дейінгі медициналық көмек, білікті медициналық көмек, мамандандырылған медициналық көмек, жоғары мамандандырылған медициналық көмек, медициналық-әлеуметтік көмек, оның ішінде тәулік бойы медициналық бақылау жасалатын мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек, стационарды алмастыратын, оналту және паллиативтік көмек) көрсетеді;
- дәрі-дәрмектік терапияны уақтылы тағайындауды және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 29 тамыздың № 666 бұйрығымен (бұдан әрі – № 666 бұйрық) бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде амбулаториялық деңгейде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар халықты тегін қамтамасыз ету үшін дәрілік заттардың және медициналық максаттағы бұйымдардың және мамандандырылғандық емдік өнімдердің тізбесіне сәйкес пациентке дәрілік заттар мен медициналық максаттағы бұйымдарды амбулаториялық деңгейде алуына рецептер жазып беруді қамтамасыз етеді.

2. Пациент дәрігер белгілеген режимді сақтау бойынша, оның ішінде сапалы медициналық қызмет ұсынуды қамтамасыз ететін жазылып берілген дәрілік заттарды және медициналық максаттағы бұйымдарды қабылдауға байланысты Денсаулық сақтау субъектісі маманының ұсынымдарын орындайды.

3. Денсаулық сақтау субъектісі мен Пациенттің арасындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) заңнамалық нормаларымен және осы шартпен реттеледі.

4. Пациент өзінің дербес деректерін (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде), ұлты, жынысы, туған күні, жеке сәйкестендіру нөмірі, занды мекен-жайы, тұрғылықты жері, байланыс құралының абоненттік нөмірі) және медициналық жазбаларын Пациентті зерттеп-қарау және емдеу процесінің қатысушыларымен осы ақпаратпен алмасу мақсатында Денсаулық сақтау субъектісі мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрілігінің (бұдан әрі - ҚР ДСӘДМ) ақпараттық жүйелеріне енгізуге және пайдалануға келіседі.

2. Қызмет көрсету шарттары мен тәртібі

5. Денсаулық сақтау субъектісі осы шарт бойынша Теміртау қаласы, Чайковский көш., 26/3 үй, Чайковский көш., 27/1 үй, Коммунаров көш., 11/1 үй мекенжайы бойынша, сондай-ақ Денсаулық сақтау субъектісімен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі - ТМККК) шеңберінде медициналық қызметтер көрсетуге арналған қосалқы мекендердің тізімі шарттары бар медициналық ұйымдарда да қызмет көрсетеді.

6. Денсаулық сақтау субъектісі осы шарт бойынша Денсаулық сақтау субъектісінің әкімшісі белгілеген және Пациентке мәлімделген жұмыс күні мен уақытында қызметтер көрсетеді.

7. Баланы емдеуге жатқызу кезінде оның занды өкілімен шарт жасалады.

8. Денсаулық сақтау субъектісі Пациенттің мәдени және жеке басының құндылықтарына құрмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

9. Денсаулық сақтау субъектісі:

1) ұйымның бар лицензиясын, сертификаттарын және Қазақстан Республикасында қолданыстағы денсаулық сақтау туралы заңнамаға сәйкес Пациентке медициналық көмекті ұсына отырып, осы шарт бойынша қызметті уақтылы және сапалы көрсетеді;

2) заңмен белгіленген тәртіпте қолданылуына рұқсат етілген профилактикалау, диагностикалау, емдеу әдістерін, медициналық технологияларды, дәрілік заттарды, иммунобиологиялық препараттарды және дезинфекция құралдарын пайдаланады;

3) Пациент қолайлы, түсінікті тілдегі және белгіленген тәртіпте мыналар кіретін ақпаратпен қамтамасыз етеді:

- қызмет көрсету орны, ұйымда көрсетілуі мүмкін профилактикалық, диагностикалық және емдік медициналық қызмет көрсетулер туралы, мамандардың біліктіліктері және сертификаттары туралы мәліметтер;

- жұмыс режимі мен тәртібі туралы мәліметтер, дәрігерлердің қабылдау кестесі (кабинеттің нөмірі, дәрігердің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), қабылдау уақыты көрсетілген) (алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін ұйымдар үшін);

- дәрігерді үйге шақырту ережелері туралы ақпарат (алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін ұйымдар үшін);

- қолданылатын емнің түрлері мен әдістері туралы, дәрілік заттардың мөлшері, дүркінділігі, ұзақтығы және қабылдау тәртібі туралы және препараттардың мүмкін болатын салдары мен жанама әсерлері туралы, үй жағдайында дәрілік заттарды сақтаудың ерекшеліктері туралы қысқаша ақпарат;

4) медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін ұйымдарын тіркеу орнының ұтымды жұмысын ұйымдастыру арқылы пациенттер ағымының қарқындылығын реттеуді қамтамасыз етеді:

- халықты жұмыс режимі туралы уақтылы ақпараттандыру; кедергісіз және кідіріссіз алдын ала қабылдауға жазылу, оның ішінде автоматтандырылған режимде; дәрігердің қабылдауына, дәрігерге дейінгі көмек кабинетіне жазылу (емханаға тікелей келген кезде де, телефон бойынша да);

5) үйге шақыртуларды уақтылы қамтамасыз етеді (шақыртқан күні);

6) көрсетілімдерінің (жоғары температура, артериялық гипертензия немесе басқа да ауыр жағдайлар) болуына байланысты Пациент жүрген кезде қажет болған жағдайда медициналық жедел жәрдем бригадасын шақыртып, шұғыл медициналық көмек көрсетеді;

7) Пациенттерге тиісті жағдайлар жасайды (үй-жайды тақтайшалармен, сілтеселермен, мүмкіндігінше ішкі навигация жүйесімен жабдықтау);

8) плакаттар, стендтер түрінде пациенттің құқықтары туралы ақпараттық материалдар ұсынады;

9) артық шығын бөлінген қаржы болмаған жағдайда қаражатының жеңілдікті рецептер пациентке алдында берілген дәрілік заттар біткенге дейін бірнеше күн бұрын уақтылы тегін дәрілік заттар мен медициналық максаттағы бұйымдар алуға алдын ала рецептер береді (ИС Дәрілік қамтамасыз ету бағдарламасына сәйкес);

10) пациентті аурулардың профилактикасы және қауіп факторлары жөніндегі ақпараттық-білім беру материалдарымен қамтамасыз етеді;

11) қажет болған жағдайда Пациентті диспансерлік сессияға қояды және оның денсаулығы жағдайына динамикалық бақылау жүргізеді;

12) Пациентті бейінді денсаулық мектептерінде және саламатты өмір салты кабинеттерінде оқытады;

13) емдеуге жатқызуға көрсетілмеген болған кезде жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін көрсетіп стационарға емдеуге жатқызуға қолданысы мерзімі күнтізбелік 10 күннен аспауы тиіс немесе айғақтары бойынша шұғыл жолдама рәсімдейді;

14) басқа денсаулық сақтау ұйымдарымен өзара іс-қимылды және өз қызметіндегі сабақтастықты қамтамасыз етеді;

15) Пациентке зерттеудің нәтижелерін, анықтаманы, еңбекке жарамсыздық парағын, ҚР заңнамасымен көзделген жағдайлар мен тәртіпте науқастың амбулаториялық (стационарлық) картасынан үзінді көшірме береді;

16) өзінің мамандарының және (немесе) Денсаулық сақтау субъектісімен шарттық қарым-қатынастағы медициналық ұйымдар қызметкерлерінің күшімен медициналық қызмет көрсету бойынша өзі қабылдаған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етеді;

17) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі 184-бабымен көзделген Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің Ар-намыс кодексінің сақталуын қамтамасыз етеді;

18) Пациенттің денсаулығы жағдайына сәйкес емдеудің ұзақтығын, дәрілік заттар мен медициналық максаттағы бұйымдарды қабылдау режимін айқындайды;

19) Пациенттің барлық тағайындалған диагностикалық рәсімдер мен сауықтыру іс-шараларынан өтуіне, сондай-ақ Пациенттің тағайындалған дәрілік препараттарды қабылдау режимін сақтауына мониторинг және бақылау жүргізеді;

20) көрсетілімдері бойынша пациентті басқа медициналық ұйымға ауыстыруды (жіберуді) жүзеге асырады;

21) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен бөлек Пациенттің қаражаты, ұйымның, ерікті сактандыру жүйесінің және басқа да тыйым салынбаған көздердің қаражаты есебінен қосымша медициналық қызмет көрсетеді;

22) Денсаулық сақтау субъектісі денсаулық сақтау жүйелеріндегі (АФК, ТТР және т.б.) жұмыс кезіндегі техникалық ақауларға жауапты болмайды.

10. Пациент:

1) дәрігерді немесе медициналық ұйымды таңдауға, ауыстыруға құқылы (дәрігер уақытіндегі нормативтік халық санына, нақты тұрғылықты жеріне сәйкес);

2) мыналар туралы ол үшін қажетті нұсанда қолайлы қолда бар ақпаратты алады:

зерттеп-қарау нәтижелері туралы мәліметтерді қоса алғанда, өз денсаулығының жағдайы; аурудың болуы, оның диагнозы және болжамы; емдеу тәсілі, оған

- байланысты қаіптер; медициналық араласулардың мүмкін болатын нұсқалары, олардың салдары; жүргізілген емдеу нәтижелері;
- 3) медициналық қызметтердің инвазивтік әдістеріне ақпараттандырылған жазбаша срікті келісім береді;
 - 4) өзінің құқықтары мен міндеттері, көрсетілетін қызметтер, ақылы қызметтердің бағасы туралы, және де оларды ұсыну тәртібі туралы ақпарат алады;
 - 5) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс өз қаражатының, ұйымның, срікті сақтандыру жүйесінің және басқа да тыйым салынбаған көздердің қаражаты есебінен қосымша медициналық қызметтер алады;
 - 6) диагностикалау, емдеу және күту, амбулаториялық (стационарлық) деңгейде дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз ету процесінде өзінің мәдени және жеке құндылықтарына лайықты ілтипат пен құрметті пайдаланады;
 - 7) тағайындалған дәрілік зат туралы толық ақпарат алады;
 - 8) медициналық технологиялардың қолданыстағы деңгейінің мүмкіндігіне қарай бейнестің жетілдіруге, консилиум өткізілуіне құқығы бар;
 - 9) қандай да болмасын кемсіту факторларының ықпалынсыз, тек қана медициналық критерийлердің негізінде анықталатын кезектілікпен медициналық көмек алады;
 - 10) медициналық қызмет көрсетушілердің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде) және кәсіби мәртебесі туралы мәліметтер алады;
 - 11) жұмысқа шығарудың, басқа медициналық ұйымға ауыстырудың және басқа да бас тартқан жағдайлардың себебі түсіндіріледі;
 - 12) белгіленген тәртіпте жазбаша ресімдей отырып және медициналық құжаттамаға енгізіп, медициналық көмек алуан бас тарта алады;
 - 13) ауыруы кезеңінде еңбекке уақытша жарамсыздық фактісін растайтын құжаттарды алады (еңбекке уақытша жарамсыздық парағы немесе еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама);
 - 14) жеңілдік рецептерге бөлінген артық қаржы құралдары болмаған жағдайда амбулаториялық деңгейде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар халықты тегін қамтамасыз ету үшін № 666 Бұйрыққа сәйкес тегін ресептер бойынша алады;
 - 1) медициналық қызмет және (немесе) дәрілік қамтамасыз ету сапасыз көрсетілген жағдайда:
 - медициналық ұйымның Ішкі бақылау қызметіне (пациентке қолдау көрсету) жүгінеді;
 - Денсаулық сақтау субъектінде, жоғары тұрған органға және (немесе) заңды түрде медицина және фармацевтика қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдана алады;
 - 16) мыналарды қоса алғанда өз денсаулығын сақтау және нығайту шараларын қабылдайды:
 - профилактикалық медициналық тексеріп-қараудан уақтылы және толық (скринингтік зерттеулерден) өту;
 - саламатты өмір салтын ұстану және ауыр салдарға (асқынударға) әксп соғатын ауруларды тудыратын немесе созылмалы ауруларды асқындыратын қауіпті факторлар болып табылатын зиянды әдеттерден бас тарту – артық дене салмағы, шылым, есірткі шегу, ішімдікті шектен тыс пайдалану, дене белсенділігінің төмендігі;
 - дәрігер ұсынған диетаны, дене жүктемесінің, күн және демалыс режимін, және қаралу кезділігін сақтау; дәрілік заттарды қабылдау режимі мен оналту іс-шаралары бойынша дәрігердің барлық қажетті талаптары мен ұғымдарын, оның ішінде қабылдау режимі мен уақытын мүлтіксіз орындау, емдеудің тиімділігін қамтамасыз ететін басқа да талаптар мен ұйғарымдарды орындау;
 - 17) медициналық қызмет көрсеткенге дейін дәрігерге диагноз қоюға және ауруды емдеуге қажет болатын басынан өткерген сырқаттары, өзіне мәлім аллергиялық реакциялар, бұрын жүргізілген емделулер мен оның нәтижелері туралы ақпарат береді;
 - 18) медицина қызметкерінің тағайындауы бойынша аурудың профилактикасы бойынша бейінді денсаулық мектептерінде, саламатты өмір салты кабинеттерінде оқудан өтеді;
 - 19) медицина қызметкерлері туралы уақтылы ақпарат береді:
 - диагностикалау және емдеу үрдісінде өз денсаулығы жағдайының өзгеруі;
 - айналасындағыларға қауіп төндретін аурулардың туындауы, не болмаса олардың болуына күдіктенген жағдайларда;
 - қандай да бір дәрілік затқа төзбеушілік немесе аллергиялық реакцияларының болуы, ішімдікті шектен тыс пайдалану және/немесе есірткі препараттарына құмарлық, шылым шегу және өзге де мәліметтер туралы;
 - басқа дәрілік заттарды қабылдайтындығы туралы;
 - дәрілік заттардың үй жағдайында сақталатындығы және қабылдап жүрген дәрілердің жарамдылық мерзімі туралы уақтылы ақпарат береді;
 - 20) осы шарттың талаптарын бұлжытпай орындайды, Денсаулық сақтау субъектісі мамандарының тағайындаулары мен ұсынымдарын нақты орындайды және Пациенттің осы шартты орындауына кедергі келтіретін кез келген жағдайлар туралы Денсаулық сақтау субъектісіне уақтылы ақпарат береді;
 - 21) басқа пациенттердің құқықтарын бұзатын іс-қимыл жасамайды;
 - 22) медицина қызметкерлерімен қарым-қатынаста болғанда құрмет пен әдептілік көрсетеді;
 - 23) ішкі тәртіптеме қағидаларын сақтайды және медициналық ұйымның мүлкіне ұқыптылықпен қарайды, медициналық көмек алған кезде медицина персоналымен ынтымақтастықта болады;
 - 24) медициналық ұйымға келіп түскен/жүгінген кезде өзінің жеке басының куәлігін немесе оның заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжатты көрсетеді; 25) мекеме тіркеу орнына міндетті түрде амбулаториялық қартаны өткізуге;
 - 26) стационарлық ауруханаға жатқызуға, қатан белгіленген күні өтіледі.

4. Құпиялылық

11. Денсаулық сақтау субъектісі Пациенттің медициналық көмекке жүгіну фактісі туралы ақпаратты, оның денсаулығы жағдайы, ауруының диагнозы және оны зерттеп-қарау және емдеу кезінде алынған өзге де мәліметтерді құпия (дәрігерлік құпия) сақтайды.
12. Пациенттің немесе оның өкілінің жазбаша келісімімен дәрігерлік құпиядан тұратын мәліметтерді басқа адамдарға, оның ішінде Пациентті зерттеп-қарауға және емдеуге мүдделі лауазымдық адамдарға беруге рұқсат етіледі.
13. Денсаулық сақтау субъектісі Пациенттің дербес деректерін жинау мен өндесу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құпиялылық қағидалары сақтала отырып жүзеге асырылатындығына кепілдік береді.
14. Пациенттің немесе оның өкілінің келісімінен тыс дәрігерлік құпия болып табылатын мәліметтерді беруге рұқсат етіледі:
 - 1) Пациентті зерттеп-қарау және емдеу мақсатында жағдайына байланысты өзінің өркін білдіре алмайтын;
 - 2) айналасындағылар үшін қауіп төндретін және ауру таралу қатері болған кезде;
 - 3) сұрау салуы бойынша анықтау және алдын ала тергеу органдарының, прокурордың, адвокаттың және (немесе) соттың жүргізілуіне байланысты тергеу немесе сот талқылауы;
 - 4) медициналық көмек көрсету кезінде кәмелетке толмаған адамға немесе әрекетке қабілетсіз адамға оның заңды өкілдерін хабардар ету;
 - 5) азаматтың денсаулығына зақым құқыққа қарсы әрекеттер салдарынан деп есептеуге негіздемелер болған жағдайда.

5. Дауларды қарау

15. Осы шарт бойынша даулар мен келіспеушіліктер тараптардың оларды сотқа дейін наразылық тәртібінде реттеу жөніндегі шаралар қабылдауы арқылы шешіледі. Екінші тарап жазбаша наразылыққа оны алғаннан кейін он жұмыс күнінің ішінде шешеді.
16. Келісімге келе алмаған жағдайда тараптар арасындағы даулар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қаралатын болады.

6. Шарттың әрекет ету мерзімі мен оны тоқтату тәртібі


17. Осы шарт:
 - Денсаулық сақтау субъектісі таратылған жағдайда;
 - Пациент қайтыс болған жағдайда;
 - тараптардың жазбаша нысандағы келісім бойынша (есептен/тізімнен шығару);
 - Денсаулық сақтау субъектісі медициналық қызметті жүзеге асыру құқығын жоғалтқан жағдайда бұзылды деп есептеледі.

7. Өзге де талаптар

18. Осы шартта көзделмеген мәселелер бойынша тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.
19. Осы шарт бірдей заң күші бар екі данада жасалды. Бір данасы Пациентте, екіншісі – Денсаулық сақтау субъектісінде болады.
20. Тараптар мекенжайлары мен реквизиттері өзгергендігі туралы бір-бірін тездетіп хабарлауды міндеттенді.

Денсаулық сақтау субъектісі

Пациент

«Теміртау қаласының №1 емханасы» ҚМК
 Теміртау қ., Чайковский көш., 26/3
 Қабылдау: 98-10-98
 Алдын ала жазылу: 44-85-44
 ИИК
 БИК
 Директор  Бейсеніт Г.Д.

Ф.И.О: _____
 ЖСН: _____
 Жексе куәлік № _____
 Берілген кезі: _____
 Мекен-жай: _____
 Телефон: _____
 Қолы _____